

# Ленин

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 66 (7026) | Сәрсенбі 4 апрель 1945 жыл | Шығуына 27-жыл  
Жеке саны 20 тыйы

## Жоғарғы Бас қолбасшының Бұйрығы

3-Украин майданы әскерлерінің қолбасшысы  
Советтер Одағының Маршалы **ТОЛБУХИНГЕ**  
Майдан штабының бастығы  
Генерал-лейтенант **ИВАНОВҚА**

3-УКРАИН майданының әскерлері БАЛАТОН көлінің оңтүстік-батыс жағында шабуыл жасай отырып, бүгін, 2 апрельде Болгар әскерлерімен бірлесіп отырып, жол ардың маңызды торабы және немістердің қорғанатын күшті тіренті бекінісі, Венгрия мұнай өнеркәсібінің орталығы—НАДЬКАНИЖА қаласын алды.

НАДЬКАНИЖА қаласын алу ұрыстарында генерал-лейтенант **ШАРОХИННИН**, Болгар армиясының генерал-лейтенанты **СТОЙЧЕВТИН**, генерал-майор **ВЕРХОЛОВИЧТИН**, генерал-майор **БЛАГОДАТОВТИН**, генерал-майор **КРАВЦОВТИН**, генерал-майор **АРТЮШЕНКОНЫН**, генерал-майор **ТОШЕВТИН**, генерал-майор **ВЕЛИЧКОНЫН**, генерал-майор **БУНЯШИННИН**, генерал-лейтенант **ГОРШКОВТИН**, генерал-майор **ГРИГОРОВИЧТИН**, полковник **ХАДЖИ ИВАНОВТИН**, полковник **ЩЕРБЕНКОНЫН**, полковник **НИРБЯННИН**, полковник **САВЧЕНКОНЫН**, полковник **ТАРАЛЕШКОВТИН**, полковник **КУБЕНОВТИН**, полковник **ПЕТРОВТИН**, әскерлері; артиллерия генерал-полковнигі **НЕДЕЛИННИН**, артиллерия генерал-лейтенанты **ВОЗНЮКТИН**, артиллерия генерал-майоры **БРЕЙДОННИН**, полковник **ПЕТРОВТИН**, полковник **МАЛХОВТИН**, полковник **ГОЦАКТИН**, полковник **ФЕДОРОВТИН**, полковник **ГАВРИЛЕНКОНЫН**, полковник **ПОПОВТИН**, подполковник **ШПЕКТИН**, подполковник **КОРОВИННИН**, подполковник **НЕЧАЕВТИН**, подполковник **КОЛМОГОРОВТИН**, артиллерияшылары; полковник **ПШЕНИЦЕНКОНЫН**, подполковник **КАТИЛОВТИН** танкшілері; авиация генерал-полковнигі **СУДЕЦТИН**, авиация генерал-майоры **КОРСАНОВТИН**, авиация генерал-майоры **БЕЛИЦКИЙДИН**, авиация генерал-майоры **ТИЩЕНКОНЫН**, полковник **ДЕМЕНТЬЕВТИН**, полковник **СМИРНОВТИН**, полковник **НЕДОСЕКИНИН** ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-полковнигі **КОТЛЯРДИН**, инженерлік әскерлердің генерал-майоры **КОЛДОВИЧТИН**, полковник **ПАРОВТИН**, полковник **ЗАГРЕБИННИН**, полковник **РЫБАЛЬСКИЙДИН** саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-лейтенанты **КОРОЛЕВТИН**, полковник **СТАРОЛЕТОВТИН** байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, НАДЬКАНИЖА қаласын алу ұрыстарында өте-өте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградауға ұсынылсын.

Бүгін, 2 апрельде, 21 сағатта Отанымыздың астанасы **МОСКВА** жүз жыйырма төрт зәңбіріктен он екі дүркін артиллерия оғын атып, НАДЬКАНИЖА қаласын алған 3-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне, оның ішінде Болгар армиясының генерал-лейтенанты **Стойчевтің** әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

НАДЬКАНИЖАНЫ азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздердің басқаруларыңыз дағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін **АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН**.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан баатырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Одағының Маршалы **И. СТАЛИН**.

1945 жылғы 2 апрель № 327.

## Совет Хабаршы бюросынан

2 АПРЕЛЬДЕГІ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

2 апрельде **БРАТИСЛАВА** бағытында 2-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, **ТОПОЛЬЧАНЫ**, қаласы мен темір жол станциясын алды, сол сыяқты 100ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде **БОШАНЫ**, **ВЕЛКИ**, **РИПНЯНЫ**, **СИЛАДИЦЕ**, **СУХА**, **ПУДМЕРИЦЕ**, **МОДРА**, **ПЕЗИНОК**, **ВАЙНОРИ**, **ФАРНА**, **БИШДОРФ** (**БРАТИСЛАВАНЫН** шығыс жағында 4 километр жерде), **ГУТОР ШАЛЮРИН** үлкен қыстақтары мен **БОШАНЫ**, **ВЕЛКИ**, **РИПНЯНЫ**, **СИЛАДИЦЕ**, **СЕРЕД**, **МОДРА-ШЕНКВИЦЕ**, **ЧЕКЛИС**, **ВАЙНОРЫ**, **УЗОР**, **БИШДОРФ** темір жол станцияларын алды.

**ВЕНА** бағытында, **НОЙЗИДЛЕР-ЗЕЕ** көлінің екі жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді.

3-УКРАИН майданының әскерлері **БАЛАТОН** көлінің оңтүстік-батыс жағында Болгар әскерлерімен бірлесіп шабуыл жасай отырып, 2 апрельде жолдардың негізгі торабы және немістердің қорғанатын күшті тіренті бекінісі, Венгрия мұнай өнеркәсібінің орталығы—**НАДЬКАНИЖА** қаласын алды, сол сыяқты 40тан аса басқа елді жерлерді, оның ішінде **ШЕЙТЕР**, **ХАХОТ**, **БОЧКА**, **ЭСТЕРЕГНИЕ**, **ШОМОДЬ-СЕНТМИКЛОШ**, **БЕЛЕЗНА**, **СЕНТМИХАЙ** үлкен қыстақтарын алды.

1 апрельдегі ұрыстарда майдан әскерлері дұшпанның 10 мыңнан аса солдаты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан мынадай олжа: 35 танк, 20 бронетранспортер, 215 дала зәңбірегін, 170 пулемет, 420 автомашина, 100 радиостанция, 20 паровоз, 780 темір жол вагонын, оң-дәрі, қару-жарақ және азық-түлік қойған 59 склад қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

1 апрельде барлық майдандарда немістердің 50 танкі мен өздігінен жүретін зәңбірегі қыйратылды, жойылды. Екі ұрыстарында және зенит зәңбірлерімен дұшпанның 40 самоләті атып түсірілді.

## Чехословакия Республикасының Президенті Бенеш мырзаның Москвадан еліне жүріп кетуі

31 мартта Чехословакия Республикасының Президенті **Эд. Бенеш** мырза әйелі мен бірге Москвадан еліне жүріп кетті. Президентпен бірге Чехословакияның Бас Министрі **Ян. Шрабек** мырза, Лобакия Ұлттық Советінің Председатели **В. Шробар** мырза, Чехословакияның ССРОдағы Елшісі **Эд. Фирлингер** мырза, **З. Странский**, **Н. Бечко**, **В. Майер**, **Я. Лихнер**, **К. Тотвальд**, **Я. Смутный** мырзалар, профессор **Эд. Нездлы**, **В. Носек** мырза және басқалар еріп шықты.

**Эд. Бенеш** мырзамен бірге ССРОның Чехословакия Республикасындағы Төтенше өрі Полномочиемі Елшісі **В. Зорин** Чехословакияға жүріп кетті.

Вокзалда Чехословакия Республикасының Президенті **Эд. Бенеш** мырзаны және отан еріп шыққан адамдарды ССРО Халық Комиссарлары Советі Председателинің Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссары **В. М. Молотов**, ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссарының Орынбасары **А. Я. Вышинский**, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі **А. Ф. Горкин**, генерал-полковник **Ф. И. Голиков**, ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының 4-Европалық Бөлімінің Меңгерушісі **А. А. Лаврищев**, Москва Қалалық Советі Председателинің Орынбасары **М. А. Яснов**, Москва

қаласының Коменданты генерал-лейтенант **К. Р. Синилов** және ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының Протокол Бөлімі Меңгерушісінің Орынбасары **Г. И. Фомин** шығарып салды.

Шығарып салу кезінде Вокзалда Франция Республикасының Елшісі генерал **Ж. Катру**, Польша Республикасының Елшісі **З. Мокзелевский** мырза, Норвегия Елшісі **Р. Андорд** мырза, Нидерландия Елшісі **К. Ван Бругель** Дуглас мырза, Швеция Елшісі **С. Седерблум** мырза, Югославия істеріне Сенімді **Р. Николаевич** мырза, Иран Елшілігінің Кеңесшісі **А. Этесами** мырза, Француз Соғыс Миссиясының Бастығы генерал **Э. Пети**, Чехословакия Елшілігі мен Чехословакия Соғыс Миссия елшісі мүшелері, сол сыяқты совет және метел баспасөзінің өкілдері болды.

Президентті шекараға дейін ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссариаты Протокол Бөлімінің Меңгерушісі **Ф. Ф. Молочков** және Отан Қорғау Халық Комиссариатының Сыртқы Қарым-қатынас Бөлімінің бастығы генерал-майор **М. П. Бутузов** шығарып салмақ.

Президентті шығарып салу кезінде хұрметті қарауыл сапқа тізіліп, Чехословакия мен Советтер Одағының мемлекеттік күйлері орындалды. Вокзал чехословак және совет жалауларымен безелді.

## Облыстық VI комсомол конференциясы

2 апрельдегі таңертеңгі мәжіліс

Таңертеңгі мәжілісте жабық сөздің жалғасы болды. Баяндама бойынша жарық сөзде Ленин механизация мектебін комсомол **Чурина**, Мамлют ауданының «1 май» колхозындағы жастар зwenосынның бастығы **Воробьева**, Приешік аудандық комсомол комитетінің секретарі **Маркина**, облыстық денешынықтыру және спорт комитетінің председатели **Колосов**, Полудень аудандық комсомол комитетінің секретарі **Садовская**, облыстық комсомол комитетінің секретарі **Максимов**, Булаев аудандық комсомол ко-

митетінің секретарі **Кислицина**, БЛКЖО Орталық Комитетінің Н. заводындағы комсомол **Остапчук**, облыстық комсомол комитетінің пленум мүшесі **Нұртазина**, өскері бөлімінің комсомол **Гутник**, ҚЛКЖО Орталық Комитеті Шаруа-жастар бөлімінің меңгерушісі **Митрофанов**, облыстық партия комитетінің секретарі **Мельник** жолдастар сөз сөйледі. Бұдан кейін осы мәжілісте **Маслоцова** жолдасқа қортынды сөз берілді.

Осымен таңертеңгі мәжіліс аяқталып, кемі сағат 7ге дейін үзіліс жарияланды.

2 апрельдегі кешкі мәжіліс

Мәжіліс дәл сағат 7де басталды. Мәжілісте ҚЛКЖО облыстық комитетінің пленум мүшелері мен кандидаттары және тексеру комиссиясы мүшелерінің составына кандидаттар ұсынылып, әрбір кандидат жеке-жеке талқыланды.

Жабық, жасырын дауыс беру жолымен ҚЛКЖО облыстық комитетінің пленум мүшелігіне 49 адам, кандидаттарына 7 адам және тексеру комиссиясына 5 адам сайланды.

Осымен облыстық VI комсомол конференциясы өзінің жұмысын аяқтады.

## Облыстық VI комсомол конференциясында

сайланған басшы комсомол органы

ҚЛКЖО Обкомінің пленум мүшелері

**Г. А. Мельник**, **К. З. Мұстафин**, **Н. А. Қошкин**, **М. В. Попов**, **С. Г. Перцев**, **А. П. Фуглева**, **А. Г. Боев**, **П. А. Максимов**, **З. Құдайбергенов**, **Е. И. Лавькина**, **Н. И. Свежинина**, **Е. Ф. Усыянова**, **В. А. Долганов**, **В. М. Великинов**, **Е. Г. Ольжикова**, **О. Самұрагов**, **Е. Н. Назарова**, **З. И. Федорова**, **Р. И. Шальман**, **Л. Т. Саловская**, **Н. П. Трякина**, **Г. К. Шершнев**, **А. А. Остапчук**, **М. А.**

**Мухамедиева**, **В. М. Баранов**, **Михина**, **М. В. Давыдов**, **Смородина**, **Н. Протопопова**, **К. Әмірзаков**, **Гулько**, **Р. Г. Надутченко**, **Т. И. Кручор**, **К. И. Рожковская**, **М. Я. Неробина**, **Н. К. Булавская**, **А. Ф. Козымина**, **С. Қаримова**, **Горвань**, **Верховод**, **Липенко**, **М. Воробьева**, **И. И. Колосов**, **К. Горьявцева**, **М. Нұртазина**, **А. Ф. Глушченко**, **К. Чурина**, **А. Мендібаев**, **К. Калшев**.

ҚЛКЖО обкомінің пленум мүшелігіне канди даттар

**А. Пономарева**, **Р. Мухамеджанов**, **А. С. Сююкбаев**, **Т. Долганова**, **Ковалев**

**скал**, **Ш. Найзабеков**, **Н. Бірімжанов**.

ҚЛКЖО обкомі тексеру комиссиясының мүшелері

**Е. Щитина**, **Г. Я. Галицын**, **Н. Г. Кудин**, **В. М. Яроцкая**.

ҚЛКЖО обкомінің пленумы туралы хабар

Конференциядан кейін, ҚЛКЖО обкомінің пленумы болып өтті. Пленум ҚЛКЖО обкомінің бірінші секретарлығына **М. В. Попов** жолдасты, кадр жөніндегі секретарлығына **З. Құдайбергенов** жолдасты, үй-тәрбиәт жөніндегі секретарлығына **С. Г. Перцев** жолдасты, мәхтеп жөніндегі секретарлығына **А. П. Фуглева** жолдасты, соғыс жұмысы жөніндегі секретарь

лығына **А. Г. Боев** жолдасты бекітті.

Пленум ҚЛКЖО обкомінің бюро мүшелігіне **Попов**, **Құдайбергенов**, **Перцев**, **Фуглева**, **Долганов**, **Боев**, **Булавская** жолдастарды сайлады.

Мұшыммен қатар, облыстық комсомол комитеті шаруа-жастар бөлімінің меңгерушілігіне **В. М. Долганов** жолдас бекітілді.

Жоспарды мерзімнен бұрын орындады

Петропавлдағы темекі фабрикасының коллективі айыбай өңбек етіп, мереке атындағы социалистік жарыста үздік табыстарға жетуде. Фабрика коллективі март айының өндірістік жоспарын мерзімінен едәуір бұрын орындады.

Махорка жасайтын цехтың жұмысшылары социалистік жарыста айтарлықтай табыстарға ие болды. Цех март айының өндірістік жоспарын 134 процент орындап, фабрикада бірінші орынға ие болды.

# Тракторлар егіске толық әзір болсын!

## Екі колхоздың егіске әзірлігі

Ленин ауданындағы «Қаратап» және «Қарабұлақ» ауыл шаруашылық артельдері өзара социалистік жарыс шартын тексеріп, екі колхоздағы көктемгі егіске әзірліктің барысын анықтады.

Қыдырбаев жолдас председатель болып істейтін «Қаратап» ауыл шаруашылық артели көктемгі дала жұмыстарына ойдағыдай әзірлік жасады. Мұнда барлық ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандары жөнделді. Көлік малдарының ортадан жоғары күйі бар. Егіс алаңы тұқым мен толық жабдықталды. Колхоз басқармасы көктемгі дала жұмыстарының жоспарын жасап, оны колхозшылардың жалпы жыйылысында бекітті. Бұл жоспар Одақтық Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)Н Орталық Комитетінің «1945 жылғы ауыл шаруашылық жұмыс

тарының жоспары туралы» қаулысын сөзсіз орындап шығуға бағытталған.

«Қарабұлақ» колхозында істің жайы тіпті өзгеше. Колхоз председатели Нұрғалиев жолдас әлде қашан-ақ «егіске әзірміз», деп даурығып жүр еді. Бірақ, социалистік жарыс шартын тексере келгенде колхоздың егіске толық әзірленбегендігі тайға тақпа басқандай болды. Демек бұл колхозда тұқым қоры толық күйілмеген. Жұмыс малдары күтімге қойылмады. Сол сияқты қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру жұмыстары да сылдыр жүргізілді.

Комиссия тексеріс қортындысын шығара келіп, «Қарабұлақ» колхозының басшыларынан бұл кемшіліктерді дереу жоюды талап етті.

Т. ЖЕТПІСБАЕВ.

## Көп кемшіліктердің беті ашылды

Полудень ауданында колхоздардың егіске әзірлігін жанпай тексеру ісі жүргізіліп жатыр. Егіске әзірлікті тексеру «Бірлік» ауыл шаруашылық артелинің басшыларына күтпеген жұмыс болды. Өйткені бұл колхоздың председатели Сидоров жолдас көктемгі егіске әзірліктің барлық жағынан ойдағыдай жүргізілуін қамтамасыз етпеген болатын.

Мұнда 2 соқа ұста дүкенінің маңайында жөнделмей жатыр. Сол сияқты арбаларды жөндеу ісі де қолға алынбаған. Колхозда көктемгі егіске жұмыс малдарын әзірлеу ісі нашар. Жұмыс малдарын пайдалануда несіздік күшті. Міне осының салдарынан барлық жұмыс малдары қазірдің өзінде жұмысқа жарамайды.

Көктемгі егіске әзірленуде өте-мөте артта қалып отырғандардың бірі—Чапаяв атындағы колхоз. Шынында бұл колхозда тырмалар, тұқым сеңкіштер мен жар малар сапалы түрде жөнделген. Ал «жөнделді» деген 5 соқаның онегіде бір пұсқасы жоқ.

Колхоз басшылары егіске тұқым әзірлеу және жұмыс малдарын күту жұмыстарын да ескерусіз қалдырғандықтан, мұнда 122 центнер тұқым жетпейді. 8 жұмыс атының 3 жұмысқа жарамайды. Сондай-ақ 6 өгіздің қоны төмен.

Чкалов атындағы ауыл шаруашылық артелинде істің жайы бұданда нашар. Мұнда 4 тұқым сеңкіштің 3 ғана жөнделді. Бірақ олардың жөндеу сапасы нашар. Жөндеу тілейтін 12 арбаны колхоз басшыларының қашан жөндейміз деп ойлайтыны тіпті белгісіз.

Егіске тұқым әзірлеудің барысы мүлде баяу. Күйылған тұқым егіс алаңының 60,7 процентіне ғана жетеді. Тұқым сапасыз.

Ауданда егіске әзірлік жұмысын ойсыраған оқылыққа ұшыратып отырған мұндай колхоздар бір нешеу. Мұның барлығы көзгі тексерісте айқын көрініп отыр. —Көктемгі бір күн, бір жылға азық,— дейді халық мақалы. Сондықтан көктемнің бір күнін де босқа өткізбей, оны егіс жұмысына толық пайдалануға барлық жағынан тыңғылықты әзірлену керек. Артта қалған колхоз басшыларының бүгін таңдағы жауынгерлік міндеті—тексеру комиссиясы тапқан кемшіліктерді дереу әрі батыл жоюға барлық колхозшыларды жұмылдыра біліп, әрбір колхоздың егіске сақадай-сай әзірлікпен кірісуін қамтамасыз ету болады.

Н. ВОРОПАЕВА.

## СОВЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АКТИВІНІҢ ЖЫЙЫЛЫСЫ

Жақын арада Петропавл қаласының Орталық ауданында совет қызметкерлері активінің жыйылысы болып өтті. Жыйылыста еңбекшілер депутаттары аудандық совет атқару комитетінің председатели Анисимов жолдас ауданның көктемгі әзірлігі және кісі тұратын үйлерді жөндеуі туралы баяндама жасады.

—Отан соғысы күндерінде ауданымыздың совет қызметкерлері,—деді баяндамашы,—еңбекшілердің тұрмысындағы мәдениетін жақсарту, майданшылардың үй-іштеріне нақтылы көмек көрсету жөнінде едәуір жұмыстар істеді. Кәсіп орындарының көпшілігінде оқу үйлері мен қызыл мүйістер ұйымдастырылды. Олар жұмысшылар мен қызметкерлердің мәдениет орталығына айналды.

Алайда, аудан еңбекшілерінің тұрмысындағы мәдениетті көтеру ісі барлық кәсіп орындарында бірдей жүргізіледі деуге болмайды. Кейбір кәсіп орындарының басшылары мәдени, тазалық ісіне тіпті немісқұрайды қарайды. Облыстық су шаруашылық бөлімінің бастығы Чапаяв

жолдас Папанов көшесіндегі 63-үйде тұрады. Оның үйінде тазалық мүлде жоқ. Үйдің едені кейде апта бойына жуылмайды. Бұл сияқты жағдай емдеу орнының қызметкері Денюкова жолдас-тың үйінде де бар. Бұл жөнінде әлеуметтік-шаруашылық бөлімінің председатели Вишневская жолдас ештеңе білмейді. Вишневская жолдас әлеуметтік-шаруашылық бөліміне қарайтын үйлердің тазалығын байқамақ түгіл, тіпті өз қарамағында қанша үй бар екендігін де білмейді. Нан комбинатының директоры Евраев жолдас та тазалық сақтау ережесін көріне-көзге бұрмалап отыр.

Бұдан әрі баяндамашы қаланы ондау, көшелер мен кісі тұратын үйлерді таза ұстау, үй шаруашылығындағы әйелдер арасындағы үгіт-көпшілік жұмысын жақсарту жөніндегі нақтылы шараларға тоқталды.

Баяндама бойынша, Ватейко, Стахурская Яшин, Безусенко, Орловский тағы басқа жолдастар жарыс сөзге шығып сөй-

## ОБЛЫСЫМЫЗДА

### Кітапхана қызметкерлерінің үлгілі ісі

Облыстық кітапхана қызметшілері Қазақстанның 25 жылдық мерекесі атындағы социалистік жарысқа түсіп, мәдени-ағарту жұмыстарын бұрып-тұрған да алға апаруға бағытталған нақтылы міндеттемелер алды.

Кітапхана қызметкерлері алған міндеттемелерін аброймен орындауда. Кітапханада аз күннің ішінде түрлі тақырыптарда 2 баяндама жасалып, бір рет лекция оқылды. Лекцияға 97 адам қатысты. Кітапхана жанындағы үгітшілер тобы қаладағы қолөнершілер артельдерінің жұмысшылары арасында, сол сияқты мектептер мен шақыру пункттерінде дауыстап көптеген әдебиет кітаптары мен отан соғысы жөнінде жазылған шығармалар оқыды.

Кітапхана көктемгі егіс кезінде колхоздарға көрсетілетін әдебиет кітаптарын, газет, журналдар жеткізу үшін әзірлік жұмыстарын жүргізуде.

3. АЙСИНА.

### ТАҢДАУЛЫ ШОПАН

Сейіт Байғожин 1937 жылдан бері Приеним ауданындағы Қызыл әскер қой совхозында шопан болып жұмыс істеп келеді. Міне осы уақыттың ішінде оның алдынан бірде-бір мал шығып болған емес. Ол быйыл 1944 жылы алынған төлдерді бағып, 800 төлді қыстан аман сақтап шығарды. Адал қызмет істегені үшін совхоз дирекциясы Байғожин жолдасқа бірнеше рет бағалы сыйлықтар берді.

М. КӨРКЕНОВ.

### Майданшылардың балаларына көмек

Полудень селосындағы орта мектептің оқушылары мен оқытушылары майданшылардың балаларына тұмсаңдық көмек көрсету жөнінде арнаулы қор ұйымдастырды. Бұл қорға 4 күрте, 3 пар аяқ киім, жылы фуфайка және басқа да киім-кешек жыйналды.

Мектеп оқушылары қазір өз күштерімен сауық көшіп өткізуге дайындалуда. Кештен түскен қаржы жауынгерлердің балаларына көмектесу қорына тапсырылмақ. Ал мектеп оқытушылары бұл қорға өздерінің бір күндік еңбек ақшасын тапсырды.

Қазір бұл қордан майданшылардың балаларына көмек беріле бастады.

Ө. МҰХАМЕДРАХЫМОВА.

## Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 2 апрель. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиссі штабының хабарында былай делінген: Рур ауданында одақтастар әскерлері жедел алға басуда болды және кейбір учаскелерде 24 километр алға басты. Одақтастардың әскер бөлімдері немістердің қатты қарсылығына кез болып отырып, Падерборнды дүшпаннан тазартуда.

Сол сияқты Римбок ауданы маңында, Варбургтың солтүстік-батыс жағында немістер одақтастар әскерлеріне өлермендік пен қарсылық көрсетуде. Одақтастардың жау әскер бөлімдері 9,5 километр алға басып, Бессеннің солтүстік жағында, Кассельдің оңтүстік жағында 10,5 километр жердегі пунктке жетті. Кассельден 24 километр жерде одақтастардың бронетанк бөлімдері Фульда өзенінен өтті. Немістер танктері мен артиллериясын пайдаланып, одақтастар әскерлеріне қатты қарсылық көрсетуде.

Майндегі Франкбургтің солтүстік жағында одақтастар әскерлері жаудың қарсылығына кез болып отырып, қала маңындағы алаңды дүшпаннан тазарту жөнінде ұрыстар жүргізуде. Ашаффенбургте немістер өлермендікпен қарсылық көрсетуде. Немістер бұдан бірнеше күн бұрын одақтастар әскерлері алған Швейнгейм қаласына (Ашаффенбургтің батыс жағында) қайтадан өтті.

Одақтастар әскерлері Рейн өзені ауданында шабуыл жасай отырып, 29 километр алға басты. Мангеймнің оңтүстік жағында одақтастардың әскер бөлімдері Рейннен өтіп, 29 километр алға басты, сойтіп бұл аудандағы автомобиль жолын кесіп өтті.

31 мартта одақтастар әскерлері жаудан 22,879 адам қолға түсірді.

### Финляндия халқы демократияшыл одағының алдағы уақытта болатын конференциясы жайында

ХЕЛЬСИНКИ, 30 март. (ТАСС). «Ванаа Сана» газетінің хабары бойынша, 20—24 апрельде Хельсинкиде Финляндия халқы демократияшыл одағының жергілікті бөлімшелерінің өкілдерімен бас досқан бірінші конференциясы болмақ.

Финляндия халқы демократияшыл одағында қазіргі күнде 30 мың адамнан құралған 350 бөлімше бар екендігін «Ванаа Сана» газеті хабар етті. Ресми состав бойынша, одақ мүшелерінің басым көпшілігі жұмысшылар мен шаруалар. Ұйымда көптеген интеллигенция, дәрігерлер, заңшылар, суретшілер, инженерлер мен қызметкерлер бар.

### Югославия Үкметінің Польша Республикасының Уақытша Үкметін тануы

БЕЛГРАД, 31 март. (ТАСС). 30 мартта бешкілікте Белградта мынадай ресми мәлімдеме жарияланды:

«Бүгін, быйылғы 30 мартта, Маршал Титоның председателдік етуімен министрлер советінің мәжілісі болып өтті. Мәжілісте Польшаның Уақытша Үкметін тану және онымен дипломатиялық қарым-қатынас тағайындау туралы қарар қабылданды.

Бірақатар одақтас елдерге дипломатиялық өкілдер жіберілді.

Келесі айда Сан-Франциско қаласында болатын бейбітшілік орнауып және хауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы конференцияға Югославия атынан баратын өкілдер белгіленді»

Жауапты редактордың орынбасары  
Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

# Тракторлар егіске толық өзір болсын!

## Екі колхоздың егіске әзірлігі

Ленин ауданындағы «Қаратап» және «Қарабұлақ» ауыл шаруашылық артельдері өзара социалистік жарыс шартын көксеріп, екі колхоздағы көктемгі егіске әзірліктің барысын анықтады.

Қыдырбаев жолдас председателі болып істейтін «Қаратап» ауыл шаруашылық артели көктемгі дала жұмыстарына ойдағыдай әзірлік жасады. Мұнда барлық ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандары жөнделді. Көлік малдарының ортадан жоғары күйі бар. Егіс алаңы тұқым мен толық жабдықталды. Колхоз басқармасы көктемгі дала жұмыстарының жоспарын жасап, оны колхозшылардың жалпы жыйылысында бекітті. Бұл жоспар Одақтық Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «1945 жылы ауыл шаруашылық жұмыс

тарының жоспары туралы» қаулысын сөзсіз орындап шығуға бағытталған.

«Қарабұлақ» колхозында істің жайы тіпті өзгеше. Колхоз председателі Нұрғалиев жолдас әлде қашан-ақ «егіске әзірміз», деп даурығып жүр еді. Бірақ, социалистік жарыс шартын тексере келгенде колхоздың егіске толық әзірленбегендігі тайға таңба басқандай болды. Демек бұл колхозда тұқым қоры толық құйылмады. Жұмыс малдары күтімге қойылмады. Сол сияқты қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру жұмыстары да сылдыр жүргізілді.

Комиссия тексеріс қортындысын шығара келіп, «Қарабұлақ» колхозының басшыларынан бұл кемшіліктерді дереу жоюды талап етті.

Т. ЖЕТПІСБАЕВ.

## Көп кемшіліктердің беті ашылды

Полудень ауданында колхоздардың егіске әзірлігін жаппай тексеру ісі жүргізіліп жатыр. Егіске әзірлікті тексеру «Бірлік» ауыл шаруашылық артелинің басшыларына күтпеген жұмыс болды. Өйткені бұл колхоздың председателі Сидоров жолдас көктемгі егіске әзірліктің барлық жағынан ойдағыдай жүргізілуін қамтамасыз етпеген болатын.

Мұнда 2 соқа ұста дүкенінің маңайында жөнделмей жатыр. Сол сияқты арбаларды жөндеу ісі де қолға алынбаған. Колхозда көктемгі егіске жұмыс малдарын әзірлеу ісі нашар. Жұмыс малдарын пайдалануда несіздік күшті. Міне осының салдарынан барлық жұмыс малдары қазірдің өзінде жұмысқа жарамайды.

Көктемгі егіске әзірленуде өте-мөте артта қалып отырғандардың бірі—Чапаев атындағы колхоз. Шынында бұл колхозда тырмалар, тұқым сенкіштер мен жармалар сапалы түрде жөнделген. Ал «жөнделді» деген 5 соқаның онесінде бір нұсқасы жоқ.

Колхоз басшылары егіске тұқым әзірлеу және жұмыс малдарын күту жұмыстарын да ескерусіз қалдырғандықтан, мұнда 122 центнер тұқым жетпейді. 8 жұмыс атының 3 жұмысқа жарамайды. Сондай-ақ 6 өгіздің қоңы төмен.

Чкалов атындағы ауыл шаруашылық артелинде істің жайы бұданда нашар. Мұнда 4 тұқым сенкіштің 3 ғана жөнделді. Бірақ олардың жөндеу сапасы нашар. Жөндеу тілейтін 12 арбаны колхоз басшыларының қашан жөндейміз деп ойлайтыны тіпті белгісіз.

Егіске тұқым әзірлеудің барысы мүлде баяу. Құйылған тұқым егіс алаңының 60-70 процентіне ғана жетеді. Тұқым сапасыз.

Ауданда егіске әзірлік жұмысын ойсыраған оқшылыққа ұшыратып отырған мұндай колхоздар бір нешеу. Мұның барлығы кәзіргі тексерісте айқын көрініп отыр. —Көктемгі бір күн, бір жылға азық, — дейді халық мақалы. Сондықтан көктемнің бір күнін де босқа өткізбей, оны егіс жұмысына толық пайдалануға барлық жағынан тыңғылықты әзірлеу керек. Артта қалған колхоз басшыларының бүгін таңдағы жауынгерлік міндеті —тексеру комиссиясы тапқан кемшіліктерді дереу әрі батыл жоюға барлық колхозшыларды жұмылдыра біліп, әрбір колхоздың егіске сақадай-сай әзірлікпен кірісуін қамтамасыз ету болады.

Н. ВОРОПАЕВА.

## СОВЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АКТИВІНІҢ ЖЫЙЫЛЫСЫ

Жақын арада Петропавл қаласының Орталық ауданында совет қызметкерлері активінің жыйылысы болып өтті. Жыйылыста еңбекшілер депутаттары аудандық совет атқару комитетінің председателі Анисимов жолдас ауданның көктемгі әзірлігі және кісі тұратын үйлерді жөндеуі туралы баяндама жасады.

—Отан соғысы күндерінде ауданымыздың совет қызметкерлері, — деді баяндамашы, — еңбекшілердің тұрмысындағы мәдениетін жақсарту, майданшылардың үй-іштеріне нақтылы көмек көрсету жөнінде едәуір жұмыстар істеді. Кәсіп орындарының көпшілігінде оқу үйлері мен қызыл мүйістер ұйымдастырылды. Олар жұмысшылар мен қызметкерлердің мәдениет орталығына айналды.

Алайда, аудан еңбекшілерінің тұрмысындағы мәдениетті көтеру ісі барлық кәсіп орындарында бірдей жүргізіледі деуге болмайды. Кейбір кәсіп орындарының басшылары мәдени, тазалық ісіне тіпті немқұрайды қарайды. Облыстық су шаруашылық бөлімінің бастығы Чапаев

жолдас Пананин көшесіндегі 63-үйде тұрады. Оның үйінде тазалық мүлде жоқ. Үйдің едені кейде апта бойына жуылмайды. Бұл сияқты жағдай емдеу орнының қызметкері Денюкова жолдастың үйінде де бар. Бұл жөнінде әлеуметтік-шаруашылық бөлімінің председателі Вишневецкая жолдас ештеңе білмейді. Вишневецкая жолдас әлеуметтік-шаруашылық бөліміне қарайтын үйлердің тазалығын байқамақ түгіл, тіпті өз қарамағында қанша үй бар екендігін де білмейді. Пан комбинатының директоры Еврасев жолдас та тазалық сақтау ережесін көріне-көзге бұрмалап отыр.

Бұдан әрі баяндамашы қаланы ондау, көшелер мен кісі тұратын үйлерді таза ұстау, үй шаруашылығындағы өйелдер арасындағы үгіт-көпшілік жұмысын жақсарту жөніндегі нақтылы шараларға тоқталды.

Баяндама бойынша, Валейко, Стахурский, Яшин, Безусенко, Орловский тағы басқа жолдастар жарыс сөзге шығып сөй-

## ОБЛЫСЫМЫЗДА

### Кітапхана қызметкерлерінің үлгілі ісі

Облыстық кітапхана қызметшілері Қазақстанның 25 жылдық мерекесі атындағы социалистік жарысқа түсіп, мәдени-ағарту жұмыстарын бұрыңғыдан да алға апаруға бағытталған нақтылы міндеттемелер алды.

Кітапхана қызметкерлері алған міндеттемелерін аброймен орындауда. Кітапханада аз-күннің ішінде түрлі тақырыптарда 2 баяндама жасалып, бір рет лекция оқылды. Лекцияға 97 адам қатысты. Кітапхана жанындағы үгітшілер тобы қаладағы көпөнершілер артельдерінің жұмысшылары арасында, сол сияқты мектептер мен шақыру пункттерінде дауыстап көптеген әдебиет кітаптары мен отан соғысы жөнінде жазылған шығармалар оқыды.

Кітапхана көктемгі егіс кезінде колхоздарға көрсетінше әдебиет кітаптарын, газет, журналдар жеткізу үшін әзірлік жұмыстарын жүргізуде.

З. АЙСИНА.

### ТАҢДАУЛЫ ШОПАН

Сейіт Байғожин 1937 жылдан бері Приеним ауданындағы Қызыл әскер қой совхозында шопан бөлім жұмыс істеп келеді. Міне осы уақыттың ішінде оның алдынан бірде-бір мал шығып болған емес. Ол быйыл 1944 жылы алынған төлдерді бағып, 800 төлді қыстан аман сақтап шығарды. Адал қызмет істегені үшін совхоз дирекциясы Байғожин жолдасқа бірнеше рет бағамы сыйлықтар берді.

М. КӨРКЕНОВ.

### Майданшылардың балаларына көмек

Полудень селосындағы орта мектептің оқушылары мен оқытушылары майданшылардың балаларына туысқандық көмек көрсету жөнінде арнаулы қор ұйымдастырды. Бұл қорға 4 күрте, 3 пар аяқ киім, жылы фуфайка және басқа да киім-кешек жыйналды.

Мектеп оқушылары қазір өз күштерімен сәуық кешіп өткізуге дайындалуда. Кештен түскен қаржы жауынгерлердің балаларына көмектесу қорына тапсырылмақ. Ал мектеп оқытушылары бұл қорға өздерінің бір күндік еңбек ақыларын тапсырды.

Қазір бұл қордан майданшылардың балаларына көмек беріле бастады.

Ө. МҰХАМЕДРАХЫМОВА.

## Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 2 апрель. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованнесі штабының хабарында былай делінген: Рур ауданында одақтастар әскерлері жедел алға басуда болды және кейбір учаскелерде 24 километр алға басты. Одақтастардың әскер бөлімдері немістердің қатты қарсылығына кез болып отырып, Падерборенді дұшпаннан тазартуда.

Сол сияқты Рымбок ауданы маңында, Варбургтың солтүстік-батыс жағында немістер одақтастар әскерлеріне өлермендікпен қарсылық көрсетуде. Одақтастардың жау әскер бөлімдері 9,5 километр алға басып, Бессеннің солтүстік жағында, Кассельдің оңтүстік жағында 10,5 километр жердегі пунктке жетті. Кассельден 24 километр жерде одақтастардың бронетанк бөлімдері Фульда өзенінен өтті. Немістер танктері мен артиллериясын пайдаланып, одақтастар әскерлеріне қатты қарсылық көрсетуде.

Майндог Франкбургтің солтүстік жағында одақтастар әскерлері жаудың қарсылығына кез болып отырып, қала маңындағы алаңды дұшпаннан тазарту жөнінде ұрыстар жүргізуде. Ашаффенбургте немістер өлермендікпен қарсылық көрсетуде. Немістер бұдан бірнеше күн бұрын одақтастар әскерлері алған Швейнгейм қаласына (Ашаффенбургтің батыс жағында) қайтадан өтті.

Одақтастар әскерлері Рейн өзені ауданында шабуыл жасай отырып, 29 километр алға басты. Мангеймнің оңтүстік жағында одақтастардың әскер бөлімдері Рейннен өтіп, 29 километр алға басты, сөйтіп бұл аудандағы автомобиль жолын кесіп өтті.

31 мартта одақтастар әскерлері жаудан 22.879 адам қолға түсірді.

### Финляндия халқы демократияшыл одағының алдағы уақытта болатын конференциясы жайында

ХЕЛЬСИНКИ, 30 март. (ТАСС). «Ванаа Сана» газетінің хабары бойынша, 20—24 апрельде Хельсинкиде финляндия халқы демократияшыл одағының жергілікті бөлімшелерінің өкілдерімен бас қосқан бірінші конференциясы болмақ.

Финляндия халқы демократияшыл одағында қазіргі күнде 30 мың адамнан құралған 350 бөлімше бар екендігін «Ванаа Сана» газеті хабар етті. Ресми состав бойынша, одақ мүшелерінің басым көпшілігі жұмысшылар мен шаруалар. Ұйымда көптеген интеллигенция, дәрігерлер, заңшылар, суретшілер, инженерлер мен қызметкерлер бар.

### Югославия Үкметінің Польша Республикасының Уақытша Үкметін тануы

БЕЛГРАД, 31 март. (ТАСС). 30 мартта кешкілікте Белградта мынадай ресми мәлімдеме жарияланды:

«Бүгін, быйылғы 30 мартта, Маршал Титоның председателдік етуімен министрлер советінің мәжілісі болып өтті. Мәжілісте Польшаның Уақытша Үкметін тану және онымен дипломатиялық қарым-қатынас тағайындау туралы қарар қабылданды.

Бірқатар одақтас елдерге дипломатиялық өкілдер жіберілді.

Келесі айда Сан-Франциско қаласында болатын бейбітшілік орнауын және хауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы конференцияға Югославия атынан баратын өкілдер белгіленді».

Жауапты редактордың орынбасары  
Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.